

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 29 маусымдағы  
№ ДС-279

**Құрметті депутаттар!**

Кітапхананы дамыту, балалар мен жасөспірімдердің оқуы, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне жағдай жасау мәселелері бойынша сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

*«Педагог-кітапханашы» біліктілігін арттыру.*

Оқу-ағарту министрлігі биылғы жылы 2 165 орта білім беру ұйымдары кітапханашыларының біліктілігін арттыру курстарын өткізуді жоспарлап отыр. Курста IT-құзыреттілік пен цифрлық сауаттылық, авторлық құқық, заманауи кітапханашының Soft және Hard skills дағдылары, кітапханаларды әлеуметтік желілерде ілгерілету, кітапханадағы нетворкинг сияқты кең ауқымды тақырыптары қамтылған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» қаулысында «Педагог-кітапханашы» лауазымы қарастырылмағанын ескере отырып, білім беру ұйымдарындағы кітапханашыларды «Педагог» лауазымына теңестіру мәселесі жан-жақты зерделеніп (*қажеттілік, лауазымдық нұсқаулық, жалақы т.б.*), пысықталатын болады.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде кітапханашылар «педагог» лауазымына теңестірілген жағдайда «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында қарастырылған барлық нормалар, оның ішінде аттестаттаудан өту де оларға қатысты болады.

*Еңбек нарығындағы сараптамалық талдау негізінде кітапханашы мамандығына қажеттіліктерді болжау.*

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қысқа мерзімді кезеңге (1 жыл), орта мерзімді кезеңге

(6 жыл) және ұзақ мерзімді кезеңге (2050 жылға дейін) арналған еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастырады.

Осы ретте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау үшін орта мерзімді кезеңге арналған еңбек ресурстары қолданылады.

**Анықтама:** болжаудың қалыптастыру нәтижелері «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталында, сондай-ақ «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ ресми сайтында жарияланады.

Осылайша, орта мерзімді болжам нәтижесіне сәйкес 2030 жылға қарай кітапхана қызметкерлері бойынша қажеттілік 6 987 адамды құрайды, соның ішінде кітапханашылар – 5 226 адам, кітапхана қызметшілері – 1 696 адам, кітапхана жұмыскерлері – 65 адам.

*Биылғы оқу жылына «Кітапхана ісі» мамандығына мемлекеттік грантты көбейту.*

Бұл қажеттіліктер бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023-2024 оқу жылына «B043-Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі» білім беру бағдарламаларының топтарына 100 білім беру грантын бөлуді жоспарлауда. Аталған көрсеткіш 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 75%-ға жоғары.

Осы ретте сіздердің депутаттық сауалдарыңыздағы «Кітапхана ісі» мамандығына мемлекеттік грантты 30% көбейту туралы ұсыныс ескерілгенін хабарлаймын.

Мәдениет және спорт министрлігі жыл сайын республикалық 007 «Мәдениет және өнер саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы аясында еліміздің мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін алыс және жақын шетелдерде біліктілігін арттыру шараларын ұйымдастырады.

Осы ретте 2023-2025 жылдары аталмыш бюджеттік бағдарлама аясында еліміздегі көпшілікке арналған кітапхана қызметкерлерін оқытуды жоспарлап отыр.

Бюджеттік жоспарға сәйкес 2023-2025 жылдары көпшілікке арналған кітапханалардың 18 қызметкері (2023 жыл – 6, 2024 жыл – 6, 2025 жыл – 6) біліктілігін арттырады деп күтілуде.

Бұл жұмыстарды жүзеге асыруға Мәдениет және спорт министрлігі 2023-2025 жылдар аралығында мәдениет саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау шараларын осы қызметті іске асыратын ұлттық деңгейдегі түркітілдес елдердің білім беру және мәдениет ұйымдарында ұйымдастырмақ.

Онда еліміздің кітапханашылары түркі тілдес мемлекеттердің алдыңғы қатарлы кітапханаларында, білім беру және мәдениет ұйымдарында кәсіби біліктілігін шыңдайтын болады.

Бүгінде бұл шараларды жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу конкурстары жүргізілуде.

Жалпы, кітапхананы дамыту, балалар мен жасөспірімдердің оқуы, сондай-ақ олардың қызметкерлеріне жағдай жасау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Сонымен бірге, Үкімет Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірге балалардың кітап оқуға құштарлығын ояту және «Балалар кітапханасы» жаңа бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жетілдіру және реттеу жөнінде сындарлы ұсыныстар әзірлеуге дайын екендігін білдіреді.

**Т. Дүйсенова**